

Келісімшарт № _____
Студенттер үйінде төсек-орын беру туралы

Тараз қ.

« ____ » _____ 20 ____ жыл

Бұдан әрі **Орындаушы** деп аталатын «Халықаралық Тараз инновациялық институты» мекемесі (бұдан әрі - Институт) бір жағынан, Жарғы негізінде әрекет ететін ректор Саурықов Ерболат Байұзақұлы атынан және бұдан әрі **Тұрғын** деп аталатын _____ (Т.А.Ә.)

төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1. Клісімшарттың мәні

1.1. Орындаушы _____ 20 ____ жылдан _____ 20 ____ жылғы оқу кезеңінде Тараз қаласы, Жамбыл даңғылы, 73 үй мекенжайы бойынша орналасқан институттың Студенттер үйіндегі № _____ бөлмеде уақытша тұру үшін Тұрғынға _____ шаршы метр тұрғын үй алаңын ұсынады, ал Тұрғын көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Тұрғын құқықтары

Тұрғын құқылы:

- 2.1. тұрғын үй-жайды тұру үшін пайдалануға;
- 2.2. Студенттер үйіндегі ортақ мүлікті және ортақ пайдаланудағы үй-жайларды пайдалануға;
- 2.3. тұрғын үй-жайдан өз бетінше айырылуға жол бермеу;
- 2.4. осы Шартты кез-келген уақытта бұзуға құқылы.

3. Тұрғын міндеттері

Тұрғын міндетті:

- 3.1. Студенттер үйіне орналасу кезінде келесі құжатпен танысуға:
 - 3.1.1. «ХТИИ Студенттер үйінің ішкі тәртіп Ережесі»;
- 3.2. тұрғын үй-жайды өз бетінше қайта орналастыруға немесе қайта жоспарлауға жол бермеуге;
- 3.3. Студенттер үйіндегі ішкі тәртіп ережелерін; өрт, қоғамдық қауіпсіздік талаптарын, санитарлық-гигиеналық ережелерді, электр құралдарын пайдалану ережелерін қатаң сақтауға;
- 3.4. Студенттер үйінің үй-жайларына, жабдықтарына және құрал-жабдықтарына ұқыпты қарау, электр энергиясы мен суды үнемді пайдалануға;
- 3.5. күн сайын өз тұрғын бөлмелерінде тазалау және желдету жұмыстарын жүргізу, аптасына кемінде 1 рет ылғалды жинау жүргізуге;
- 3.6. үй-жайларды жинау бойынша кезекшілік кестесін сақтау және жалпы пайдалану орындарында тазалық пен тәртіпті сақтауға;
- 3.7. тәрбиеші-менеджерге немесе Студенттер үйінің директорына түнгі уақытта өзінің болмауы туралы жазбаша дәлелді өтініш түрінде хабарлауға;
- 3.8. бөлмеден шыққанда терезе мен есікті жауып, барлық электр құралдары мен жарықты сөндіруге;
- 3.9. сағат 23:00-ден 07:00-ге дейін толық тыныштықты сақтауға;
- 3.10. қажет болған жағдайда бірінші талап бойынша Студенттер үйінің әкімшілігіне келуге;
- 3.11. Студенттер үйінің ішкі тәртіп ережесі шеңберінде Студенттер кеңесінің және Студенттер үйі директорының талаптары мен шешімдерін орындауға;
- 3.12. Студенттер үйі мүлкіне келтірілген материалдық залалды өтеуге;
- 3.13. Студенттер үйінде тұрғаны үшін төлемді уақытында төлеуге;
- 3.14. Студенттер үйінің үй-жайларын күрделі жөндеу уақытына үй-жайды босатуға (көшірусіз жөндеу жүргізу мүмкін болмаған кезде);

3.15. тұрғын үй-жайға кез келген уақытта Орындаушының өкілін тұрғын үй-жайдың, ондағы санитариялық-техникалық және өзге де жабдықтың техникалық жай-күйін тексеру үшін, сондай-ақ қажетті жұмыстарды орындау үшін жіберуге;

3.16. тұрғын үй-жайдың немесе ондағы санитариялық-техникалық жабдықтың ақаулықтары анықталған кезде оларды тез арада жоюға ықтимал шаралар қолдану және қажет болған жағдайда олар туралы Орындаушыға хабарлау, ал шұғыл жағдайларда – шұғыл қызметтердің телефондарына хабарлауға;

3.17. көршілердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды ескере отырып, тұрғын үйді пайдалануды жүзеге асыру, жанжалды жағдайларға жол бермеу, қабылданған моральдық-этикалық мінез-құлық нормаларының талаптарын орындау, ізгілік пен өзара құрмет атмосферасын қолдауға;

3.18. тиісті шаралар қабылдау үшін Студенттер үйі қызметкерлерін өзін нашар сезінетіні туралы хабардар етуге;

3.19. тұрғын үй-жай босатылған кезде оны үш күн ішінде орындаушыға тиісті жағдайда тапсыру, сондай-ақ тұрғын үй-жай үшін төлемақысында қарызы болса, берешекті өтеуге;

3.20. Тұрғын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерді мойнына алады.

Студенттер үйінде тұратындарға тыйым салынады:

3.20.1. спирттік ішімдіктерді әкелу және ішуге;

3.20.2. мас күйде болуға;

3.20.3. улы және есірткі заттарды тұтыну, сақтау және таратуға;

3.20.4. Студенттер үйінің бөлмелері мен басқа да бөлмелерде темекі шегуге;

3.20.5. есірткіге мас күйінде болуға;

3.20.6. бөлмеден бөлмеге өздігінен көшуге;

3.20.7. Студенттер үйінің мүлкін өз еркімен бір бөлмеден екінші бөлмеге ауыстыруға;

3.20.8. ақаулы және қолдан жасалған электр аспаптарын пайдалануға;

3.20.9. жатуға бөгде адамдарды өткізуге, сондай-ақ жатуға арналған өз орнын Студенттер үйінің басқа бөлмелерінде тұратын студенттерге беруге;

3.20.10. сағат 23:00-ден 07:00-ге дейін өз бөлмесінде болмауға;

3.20.11. бөлмелерде жануарларды ұстауға;

3.20.12. арнайы бекітілген орындардан тыс жерлерде хабарландырулар, плакаттар, кестелер және т. б. ақпаратты жапсыруға;

3.20.13. Кез-келген типтегі қаруды алып жүруге және сақтауға;

3.20.14. Студенттер үйі ғимаратында және оның аумағында құқыққа қарсы іс-әрекеттерге қатысуға тыйым салынады.

4. Орындаушының құқықтары мен міндеттері

Орындаушының құқығы бар:

4.1. тұру ақысын уақтылы төлеуді талап ету;

4.2. осы Шарттың 5-бөлімінің 2-тармағында көрсетілген жағдайларда осы Келісімшартты бұзуды талап ету;

4.3. Орындаушының заңнамада көзделген өзге де құқықтары болуы мүмкін.

Орындаушы міндетті:

4.4. тұратын адамға өзге адамдардың құқықтарынан бос және тұруға жарамды, өрт қауіпсіздігі талаптарына, санитариялық-гигиеналық, экологиялық және өзге де талаптарға сай келетін тұрғын үй-жай беру;

4.5. белгіленген тәртіппен қоныстандыруды (көшіруді) жүргізу;

4.6. Студенттер үйінде тұратындарды келесі құжаттармен таныстыру:

4.6.1. «ХТИИ Студенттер үйінің ішкі тәртіп Ережесімен»;

4.7. Студенттер үйінің мүлкін тиісті түрде ұстау;

4.8. осы шартты бұзбай тұрып жатқан тұрғын үй-жайға жөндеу жүргізу уақытында Тұрғынға басқа тұрғын үй-жай (бір адамға кемінде 6 шаршы метр тұрғын үй алаңы есебінен) беруге (мүмкіндігіне қарай);

4.9. Студенттер үйі ғимаратына күрделі жөндеу немесе қайта жаңарту жүргізу туралы жұмыс басталғанға дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей Тұрғынға хабарлау;

4.10. Орындаушыға коммуналдық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

4.11. Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерді мойнына алады.

5. Келісімшартты бұзу және тоқтату

5.1. Осы Келісімшарт тараптардың келісімі бойынша кез келген уақытта бұзылуы мүмкін.

5.2. Осы Келісімшарт Орындаушының талабы бойынша мынадай жағдайларда бұзылуы мүмкін:

5.2.1. Институттың Студенттер үйіндегі ішкі тәртіп ережелерін өрескел бұзғаны үшін;

5.2.2. пайдаланылатын тұрғын үй-жай үшін екі ай ішінде ақы төлемеу;

5.2.3. жалдаушының тұрғын үй-жайға және (немесе) мүлікке елеулі зақым келтіруі (Орындаушы мен тұратын адам өкілдерінің қатысуымен жасалған актімен белгіленеді);

5.2.4. Студенттер үйінде басқа да тұратын және (немесе) қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін жүйелі түрде бұзу;

5.2.5. тұрғын үйді мақсатсыз пайдалану.

5.3. Осы Келісімшарт ол жасалған негіздердің тоқтатылуына байланысты тоқтатылады.

5.4. Осы Келісімшарт бұзылған немесе тоқтатылған жағдайда Тұрғын үй-жайды үш күндік мерзімде (тұрғын үй бермей) босатады. Тұрғын үй-жайды босатудан бас тартқан жағдайда Орындаушы сот шешімі бойынша шығаруды жүргізеді.

6. Студенттер үйінде тұру ақысы

6.1. Студенттер үйін пайдаланғаны үшін төлем әр квартал сайын каникул кезеңін қоса алғанда, ақы төленетін тоқсанның бірінші айының бесінші күніне дейін Орындаушының есеп айырысу шотына немесе институт кассасына ақша қаражатын аудару жолымен төленеді.

6.2. Осы Келісімшартты жасасу кезінде қолданыстағы Студенттер үйінде тұру құны айына 10 000 (он мың) теңгені құрайды.

7. Өзге шарттар

7.1. Осы Келісімшарт бойынша Тараптар арасында туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

7.2. Осы Келісімшарт екі данада жасалды, оның біреуі Орындаушыда, екіншісі Тұрғында болады.

8. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері:

«ОРЫНДАУШЫ»

«Халықаралық Тараз инновациялық институты» мекемесі
Тараз қ., Желтоқсан көшесі 69 «Б»
АО «Банк ЦентрКредит»
РНН: 211500236592
БИН: 080640010161
БИК: КСЖВКЗКХ
ИИК: KZ288562203101941039
Кбе-17
Ректор

_____ **Саурыков Е.Б.**
М.П.

«ТҰРҒЫН»

Студент

_____ (қолы) _____ (Т.А.Ә.)

«АТА-АНА»

_____ (қолы) _____ (Т.А.Ә.)